

Апта басында Үкімет отырысы өтті. Онда таскын судан зардап шегіп жатқан Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.Ахметов таскынға тоскын боларлық техниканын жоғын айтып, шағымданды. Яғни, аймақта қайықтан бастап, қарапайым су өткізбейтін киімдерге дейін жеткіліксіз екен.

- Мынау Бәке, Тотенше жағдайлар департаментінің бірде-бір құрал-саймандары жоқ, қаранызшы. Мысалы, норма бойынша 249 мотопомпа болуы керек, біздің облыста 55 ғана. Қайық туралы айтсақ, 69 болуы керек, 14-і ғана бар. Ал, жігіттер судың басында жүр ғой, оларға гидрокомбинезон мың дана болуы керек, бізде 86 ғана, - деп ағынан жарылды аймақ басшысы.

Сондықтан, шығысқа көмекке өзге аймақтардан техника мен адамдар жөнелтіліп жатыр. Осыны естіп, бұған қалайша жол беріп қойғандарына қайран қалған Үкімет басшысы Б.Сағынтаев ҚР Ішкі істер вице-министрі Жанат Сүлейменовті сұрақтың астына алды. Алайда алдындағы баяндамасын үтір-нүктесіз оқып шыққан министрдің орынбасары орайлы тұста жауап бере алмай қиналды. Есесіне премьер вице-министрді бір сілкілеп алды. Екеуара диалог былай өрбіді.

Б.Сағынтаев: - Қандай іс-шара жасалып жатыр министрлік тарапынан?

Ж.Сүлейменов: - Рұқсат болса, ол туралы баяндамада жоқ, цифра.

Б.Сағынтаев: - Баяндаманыңға жазып берген жоқ ғой. Сонда сіздер қалай басқарасыздар? Баяндамада жазып бергенді оқып бересіз, жазбаса, не болып жатқанды білмейсіздер. Сонында келіп осындай жағдайға душар боламыз. Техника жоқ. Комбинезон жоқ. Мотопомпа жоқ.

Иә, бізде осындай да қызық пен шыжық болып жатады. Бізде осылай да басқара береді. Енді кімге сенеміз?..

Н.АКПАН